

Ақтөбе қалалық мәслихатының кезектен тыс сегізінші сессиясының 2004 жылғы 1 маусымдағы N 60 шешімімен бекітілген, Ақтөбе облысы бойынша әділет Департаментінде 2004 жылғы 26 маусымда N 2867 болып тіркелген Ақтөбе қаласындағы ұсақ бөлшек сауда желілері мен жазғы алаңдардың жұмыс қағидасына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе қалалық мәслихатының 2005 жылғы 14 наурыздағы N 112 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 11 сәуірде N 3122 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2009 жылғы 25 сәуірдегі № 168 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2009 жылғы 25 сәуірдегі № 168 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақтөбе қаласындағы ұсақ бөлшек сауда желілері мен жазғы алаңдардың жұмыс қағидасына өзгерістер енгізілсін:

4 және 22 баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұсақ бөлшек сауда желілері кешендерінің орналасу орындарын келісу " Ақтөбе қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ орналастыруға сәйкес жүргізіледі. Орналастыру қала әкімінің қаулысымен бекітіледі. " ;

"22. Осы қағиданың сақталуына бақылауды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес "Ақтөбе қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ және "Ақтөбе облысының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Департаментінің қалалық бөлімі" ММ жүргізеді."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.Қ.Құттыбаевқа жүктелсін.

*Ақтөбе қалалық
мәслихатының*

*Ақтөбе қалалық
мәслихатының хатшысы*

к е з е к т і о н а л т ы н ш ы

сессиясының төрағасы

